

АКЦИОНЕРЛЕРМЕН ЖӘНЕ ИНВЕСТИТОРЛАРМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ

Акционерлік капиталдың құрылымы¹

Ұстаушының атауы	Жай акциялар, дана	Жай акциялар, %-пен көрсетілген үлес	Артықшылықты Акциялар	Барлық акциялар, дана	Барлық акциялар, %-пен көрсетілген үлес
"Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" АҚ	551 698 745	90,42	–	551 698 745	90,42
«Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі» РММ	58 420 748	9,58	–	58 420 748	9,58

Бағалы қағаздар шығарылымы

Акциялардың түрі	Жарияланған акциялардың саны	Орналастырылған акциялардың саны	Орналастырылмаған акциялардың саны
Жай	849 559 596	610 119 493	239 440 103

Есепті кезеңде акционерлердің құрылымында өзгерістер болған жоқ.

Функцияларын заңнамаға және Компанияның Жарғысына сәйкес Қор Басқармасы орындайтын акционерлердің жылдық жалпы жиналысында мынадай құжаттар бекітіледі деп күтілуде:

- ◆ ҚМГ-нің 2020 жылға арналған жылдық қаржы есептілігі (шоғырландырылған және жеке) ;
- ◆ ҚМГ-нің 2020 жылғы таза кірісін бөлу тәртібі;
- ◆ ҚМГ бір жай акциясына шаққандағы дивидендтің мөлшері.

Дивидендтік тарих

Көрсеткіш	2018	2019	2020
Бір акцияға шаққандағы дивиденд, теңге	61,54	60,64	133,97
Барлығы төленді	36 273	36 998	81 738

Толығырақ ақпарат «Қаржылық есептілік» бөлімінде 

ДИВИДЕНДТЕР

Дивидендтік саясаттың мақсаты Қор мен Компания мүдделерінің балансын, дивидендтердің мөлшерін, оларды төлеу шарттары мен тәртібін айқындау кезіндегі тәсілдің болжамдылығы мен анықтылығын қамтамасыз ету болып табылады.

Компанияларға қатысты төленетін дивидендтердің мөлшері олардың жетілу дәрежесіне және қаржылық орнықтылық пен өтімділік көрсеткіштері негізінде айқындалатын қаржылық-экономикалық жай-күйіне қарай сараланып белгіленеді.

Дивидендтер дивидендтерді төлеу туралы шешім қабылданған кезде Акционерлердің жалпы жиналысы белгілеген мерзімде төленеді.

«Самұрық-Қазына» АҚ-тың өншілес ұйымдарға қатысты дивидендтік саясатын Компанияның сайтында көруге болады



¹ 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша.

КРЕДИТТІК РЕЙТИНГТЕР

Халықаралық рейтингтік агенттіктердің кредиттік рейтингтері Топтың кредиттік қабілеттілігін сенімді және тәуелсіз бағалау болып табылады. ҚМГ негізгі қаржы көрсеткіштерін инвестициялық деңгейге жақын және одан жоғары ұзақ мерзімді кредиттік рейтингті қолдау мақсатына сәйкес келетін деңгейде қолдауға ниетті. ҚМГ рейтингтік агенттіктерге топтың кредит қабілеттілігін жан-жақты және дұрыс бағалау үшін қажетті барлық ақпаратқа қол жеткізуге мүмкіндік береді. ҚМГ Басқармасы мен рейтингтік агенттіктер арасында мерзімді шолу кездесулері өткізіледі және ҚМГ олармен тұрақты байланысты қолдауды жалғастырады.

Компанияның өндірістік және қаржылық көрсеткіштері мен нарық серпінінен басқа, ҚМГ-нің кредиттік рейтингтері Қазақстанның тәуелсіз кредиттік рейтингтерімен байланысты. Мәселен, егемен кредиттік рейтингтің өзгеруі қазақстандық эмитенттердің, оның ішінде ҚМГ-нің кредиттік рейтингтеріне әсер етуі мүмкін.

Қаржылық орнықтылықты арттыру бойынша күш-жігерді рейтингтік агенттіктер атап өтті. 2018-2019 жылдары ҚМГ-нің қаржылық көрсеткіштерінің жақсаруы Fitch, Moody's және S&P-ден Компанияның жеке кредит қабілеттілігі сипаттамаларының анағұрлым жоғары бағаларымен көрсетілді.

Елеулі сыртқы экономикалық тәуекелдерге қарамастан, 2020 жылы Fitch және S&P Компанияның бұрын белгіленген рейтингтерін растады. Қазіргі уақытта ҚМГ-нің Moody's пен Fitch-тен инвестициялық деңгейдегі, ал S&P-ден егеменді рейтингтен екі саты төмен инвестициялық деңгейдегі кредиттік рейтингтері бар.

- ◆ 2019 жылғы 22 тамызда Moody's Investors Service халықаралық рейтинг агенттігі ҚМГ кредит төлеу қабілеттілігінің рейтингін Қазақстан Үкіметінің тарапынан қолдауды

Елеулі сыртқы экономикалық тәуекелдерге қарамастан, 2020 жылы Fitch және S&P Компанияның бұрын белгіленген рейтингтерін растады

есепке алмағанда дербес негізде «ba3»-тен «ba2»-ге дейін көтерді. Компанияның ұзақ мерзімді рейтингі болжамын «тұрақтыдан» «оң» болжамы ретінде қайта қарастыра отырып, «Ваа3» деңгейінде расталды. 2020 жылғы 14 желтоқсандағы ҚМГ рейтингтерін мерзімді шолуда Moody's рейтингтік агенттігі ҚМГ-нің маңызды мұнай қорларын және ОПЕК+ келісімі шеңберінде шектеусіз орнықты өндіруді, ҚМГ өтімділігінің жоғары көрсеткіштерін және берешекті өтеудің ұзақ мерзімді бейінін, сондай-ақ Компанияның левиридж, проценттік өтеу және ақша ағындары көрсеткіштерінің кредит қабілеттілігінің базалық бағасына (Baseline Credit Assessment) мөлшерлес болып қалатынына қатысты рейтингтік агенттіктің үміттерін көрсетті.

- ◆ 2020 жылғы 27 наурызда Fitch Ratings рейтингтік агенттігі ҚМГ эмитенті дефолтының ұзақ мерзімді рейтингін «тұрақты» болжамымен «BBB-» деңгейінде растады. ҚМГ-нің кредит қабілеттілігі «BB-» деңгейінде дербес негізде COVID-19 пандемиясынан туындаған мұнай бағасының төмендеуіне байланысты 2020 жылы левиридж болжамды өскеннен кейін оның біртіндеп төмендеуіне қатысты рейтингтік агенттіктің үміттерімен қолдау табады.
- ◆ 2020 жылғы 27 наурызда S&P Global Ratings рейтингтік агенттігі ҚМГ рейтингтері бойынша болжамды «тұрақтыдан» «теріс» болжамы деп қайта қарап, ұлттық және шетелдік валюталардағы ұзақ мерзімді рейтингтерді «BB» деңгейінде растады. Болжамды қайта қарау Brent маркалы мұнайдың бағасы бойынша S&P Global Ratings-тің 2020 жылдың қалған кезеңінде бір баррель үшін 30 АҚШ долларына дейінгі баға бойынша жорамалдарын қайта қарауға байланысты, 2021 жылы бір баррель үшін 50 АҚШ доллары мен кейінгі жылдары бір баррель үшін 55 АҚШ доллары.
- ◆ 2021 жылғы 28 қаңтарда мұнай мен газды барлау, өндіру және өңдеу секторының тәуекелдерін бағалауды қайта қарағаннан кейін S&P Global Ratings рейтинг агенттігі ҚМГ-нің кредиттік рейтингтерін теріс болжаммен «BB» деңгейінде растады.




ҚМГ кредиттік рейтингтері

Рейтингтік агенттік	Күні	Рейтинг	Рейтинг деңгейі	Болжам
Moody's Investors Service	22.08.2019	Шетел валютасындағы ұзақ мерзімді рейтинг	Baa3	Оң
S&P Global Ratings	28.01.2021	Эмитенттің кредиттік рейтингісі	BB	Теріс
Fitch Ratings	27.03.2020	Эмитент дефолтының ұзақ мерзімді рейтингісі	BBB-	Тұрақты

Қазақстанның кредиттік рейтингтері

Рейтингтік агенттік	Күні	Рейтинг	Рейтинг деңгейі	Болжам
Moody's Investors Service	22.08.2019	Эмитенттің шетелдік валютадағы ұзақ мерзімді рейтингі	Baa3	Оң
S&P Global Ratings	05.03.2021	Шетелдік және ұлттық валюталардағы егеменді кредиттік рейтинг	BBB-	Тұрақты
Fitch Ratings	19.02.2021	Эмитенттің шетелдік валютадағы дефолтының ұзақ мерзімді рейтингісі	BBB	Тұрақты

ҚМГ рейтингтерінің серпіні

Дереккөз: Moody's, S&P, Fitch рейтингтік агенттіктері

ОБЛИГАЦИЯЛЫҚ ҚАРЫЗДАР

2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ҚМГ-нің АҚШ долларына қайта есептелген шоғырландырылған берешегі 9 690 млн АҚШ долларын құрады, оның ішінде 7 075 млн АҚШ доллары (~73%) облигациялық қарыздарға жатады.

ҚМГ компаниялар тобы жобаларының едәуір бөлігі өздерінің таза ақша ағындары есебінен қаржыландырылады. Бұл ретте ҚМГ мен ЕТҰ облигациялар нарығына жекелеген стратегиялық жобаларды қаржыландыру үшін немесе Компанияның 2028 жылға дейінгі даму стратегиясын іске асыру шеңберінде қаржылық орнықтылықты қолдау үшін қолайлы нарықтық жағдайларда шыға алады.

ҚМГ ішкі және халықаралық капитал нарықтарында өзінің берешекті басқарудың икемді және салмақты саясатына сәйкес қарыз алуды жүзеге асырады. ҚМГ борышқорлық бағалы қағаздары Қазақстан эмитенттерінің арасындағы ең өтімді құралдардың бірі болып табылады. ҚМГ-нің шетелдік валютадағы облигациялары тарихи түрде инвесторлардың кең ауқымын тартты. Инвесторлар базасы негізінен АҚШ, Еуропа мен Азиядан мыңдаған институционалдық және бөлшек инвесторларды білдіреді. Еурооблигациялар Лондондық қор биржасында және Қазақстандық қор биржасында айналыста болады.

2020 жылдың қазанында Компания жалпы көлемі 750 млн АҚШ долларын құрайтын еурооблигациялардың 12,5 жылдық шығарылымын сәтті орналастырды. Қазақстан Республикасының аумағында өтінімдерді жинау инвесторлардың жаһандық өтінімдерін жинаумен бір мезгілде «Қазақстандық қор биржасы» АҚ-қа (бұдан әрі – KASE) жазылу арқылы жүргізілді. Өтеуге кірістіліктің бастапқы бағдары шамамен 3,875%-ке белгіленді, алайда инвесторлар тарапынан елеулі мүдде аясында көрсетілген бағдар кейінірек 3,5% пайдасына қайта қаралды, бұл кірістіліктің 37,5 б.п. жақсаруын білдіреді. 2020 жылғы қазан-қарашада алынған қаражатты ҚМГ 2022 және 2023 жылдары өтеу мерзімдерімен жалпы номиналдық мөлшері 906,6 млн АҚШ долл. еурооблигацияларды мерзімінен бұрын өтеу үшін пайдаланды.

2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша номинал бойынша жалпы сомасы 4,75 млрд АҚШ долларын құрайтын Корпоративтік орталық деңгейіндегі еурооблигациялардың алты шығарылымы айналымда болды.

Айналымдағы ҚМГ еурооблигациялары¹

Валюта	Айналым басталған күн/өтеу күні	Шығару көлемі, млн АҚШ долл.	Айналымдағы облигациялар, млн АҚШ долл.	Купондық мөлшерлеме, жылдық %	ISIN: RegS / 144A
АҚШ долл.	19.04.2017/19.04.2027	1 000	1 000	4,75	XS1595713782 / US48667QAN51
АҚШ долл.	19.04.2017/19.04.2047	1 250	1 250	5,75	XS1595714087 / US48667QAP00
АҚШ долл.	24.04.2018/24.04.2025	500	500	4,75	XS1807299174 / US48667QAR65
АҚШ долл.	24.04.2018/24.04.2030	1 250	1 250	5,375	XS1807300105 / US48667QAAQ82
АҚШ долл.	24.04.2018/24.04.2048	1 500	1 500	6,375	XS1807299331 / US48667QAS49
АҚШ долл.	14.10.2020/14.04.2033	750	750	3,50	XS2242422397 / US48126PAA03

¹: 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Корпоративтік орталық деңгейінде басым, қамтамасыз етілмеген.

ИНВЕТОРЛАРМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ

ҚМГ қаржыландыру көздеріне тұрақты қолжетімділікті қамтамасыз ету және Компанияны қаржыландыру құнын төмендету мақсатында инвестициялық қоғамдастықпен өзара іс-қимылдың тиімді бағдарламасын іске асыруды жалғастыруда. Инвесторлармен өзара іс-қимыл процесіне Директорлар кеңесінің төрағасы, Басқарма төрағасы, Басқарма мүшелері мен ҚМГ стратегиялық, қаржылық және операциялық құрылымдық бөлімшелерінің басшылары, сондай-ақ Инвесторлармен жұмыс басқармасы тартылды. 2020 жылы Еңбекті және қоршаған ортаны қорғау департаменті еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша кеңірек ақпарат беру мақсатында конференц-қоңырауларға қатыса бастады.

ҚМГ тоқсан сайын инвесторлар үшін Басқарма төрағасы орынбасарының, мүшелерінің және департамент директорларының қатысуымен қаржылық және операциялық қызмет нәтижелері бойынша конференц-қоңыраулар өткізеді. Тоқсандық конференц-қоңыраулардан басқа Компания «ҚазТрансГаз» АҚ-ты 2020 жылғы 2-тоқсанда ҚМГ компаниялар тобының құрамынан шығару мәселелері бойынша және 2020 жылғы 4-тоқсанда еурооблигациялар шығарылымы жөніндегі роуд-шоу шеңберінде арнайы конференц-қоңыраулар ұйымдастырды.

Компания инвестициялық қоғамдастық үшін ақпаратты ашу кезінде уақытылық, толықтық және қолжетімділік қағидаттарын ұстанады. ҚМГ тоқсан сайын тоқсандық нәтижелер бойынша презентацияны, қаржылық нәтижелер бойынша баспасөз релизін, өндірістік нәтижелер бойынша баспасөз релизін, халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (ХҚЕС) сәйкес қаржы есептілігін, сондай-ақ деректері бар талдамалық анықтамалықтарды жариялайды. 2020 жылы Компания инвесторлар мен талдаушылардың ҚМГ-нің қаржылық және операциялық қызметі туралы сұраулары бойынша ақпаратты жедел ұсыну практикасын жалғастырды.

Орнықты даму қағидаттарын басшылыққа ала отырып, Компания 2020 жылы ESG бойынша ақпаратты ашудың ашықтығын айтарлықтай жақсартты. 2020 жылы Компания 2019 жылғы орнықты даму туралы ауқымды есеп жариялады. 2020 жылы көміртекті есептілік бойынша Климаттық бағдарламаның (Carbon Disclosure Project, CDP) алаңында 2019 жылдың қорытындысы бойынша климаттық сауалнама және алғаш рет су қауіпсіздігі бойынша сауалнама орналастырылды. ҚМГ Қазақстандағы ең экологиялық таза және жауапты компания атағын тағы рет растады, 2019 жылдың қорытындылары бойынша қатарынан үшінші рет Ресейдің Дүниежүзілік жабайы табиғат қоры (WWF), CREON Group және Қазақстан Республикасы Экология, Геология және табиғи ресурстар министрлігінің қолдауымен және Біріккен Ұлттар Ұйымының Орталық Азиядағы қоршаған орта жөніндегі бағдарламасымен (ЮНЕП-ЦА) әріптестікте Ұлттық рейтингтік агенттік беретін мұнай-газ компанияларының ашықтық рейтингін басқарды.

Материалдар мен жарияланымдар, сондай-ақ Инвесторлармен жұмыс жөніндегі басқарма қызметкерлерімен қатынасуға арналған байланыс ақпараты Компания сайтының «Инвесторлар» бөлімінде ашық және қол жетімді.



ҚМГ екіжақты диалогтың тиімділігін одан әрі жақсарту маңыздылығын түсінеді және инвестициялық қоғамдастықтың Компанияны қабылдауына тұрақты талдау жүргізеді және одан әрі Директорлар кеңесінің деңгейінде қаралады.

2020 жылы инвесторлармен өзара іс-қимыл күнтізбесі

1 тоқсан	<ul style="list-style-type: none"> ◆ 2019 жылғы қаржылық және операциялық нәтижелер бойынша конференц-қоңырау. ◆ 2019 жылдың тоқсандық нәтижелері бойынша презентация. ◆ 2019 жылғы қаржылық және операциялық қызмет нәтижелері бойынша баспасөз релиздері. ◆ 2019 жылғы ХҚЕС сәйкес шоғырландырылған қаржы есептілігі
2 тоқсан	<ul style="list-style-type: none"> ◆ 2020 жылдың бірінші тоқсанындағы қаржылық және операциялық нәтижелер бойынша конференц-қоңырау. ◆ 2020 жылдың бірінші тоқсанындағы тоқсандық нәтижелер бойынша презентация. ◆ 2020 жылдың 1-тоқсанындағы қаржылық және операциялық қызмет нәтижелері бойынша баспасөз релиздері. ◆ 2020 жылғы 31 наурызда аяқталған үш ай үшін ХҚЕС-ке сәйкес қысқартылған аралық шоғырландырылған қаржы есептілігі (аудиттелмеген). ◆ 2019 жылғы жылдық есепті жариялау. ◆ «ҚазТрансГаз» АҚ-ты ҚМГ компаниялар тобының құрамынан шығаруға қатысты инвесторлармен кезектен тыс қоңырау шалу
3 тоқсан	<ul style="list-style-type: none"> ◆ 2020 жылдың 2-тоқсанындағы қаржылық және операциялық нәтижелер бойынша конференц-қоңырау. ◆ 2020 жылдың 2-тоқсанындағы тоқсандық нәтижелер бойынша презентация. ◆ 2020 жылдың 2-тоқсанындағы қаржылық және операциялық қызмет нәтижелері бойынша баспасөз релиздері. ◆ 2020 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін ХҚЕС-ке сәйкес аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржы есептілігі (аудиттелмеген). ◆ 2019 жылғы Орнықты даму туралы есепті жариялау. ◆ CDP аясында 2019 жылға арналған климаттық сауалнаманы және су қауіпсіздігі сауалнамасын жариялау
4 тоқсан	<ul style="list-style-type: none"> ◆ 2020 жылдың үшінші тоқсанындағы қаржылық және операциялық нәтижелер бойынша конференц-қоңырау. ◆ 2020 жылдың 3-тоқсанындағы тоқсандық нәтижелер бойынша презентация. ◆ 2020 жылдың 3-тоқсанындағы қаржылық және операциялық қызмет нәтижелері бойынша баспасөз релиздері. ◆ 2020 жылғы 30 қыркүйекте аяқталған тоғыз айдағы ХҚЕС сәйкес аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржы есептілігі (аудиттелмеген). ◆ Облигациялар шығару жөніндегі роуд-шоу, оның шеңберінде Басқарма төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары мен Директорлар кеңесі төрағасының қатысуымен қазіргі және әлеуетті инвесторлармен конференц-қоңыраулар сериясы өтті